



# ТАҒАДАҒЫ ҚАЗАЛЫ



№15  
(2394)  
Сенбі  
21 ақпан  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕ ИГІ ӘРІ ҮЛГІЛІ БАСТАМА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Қазалы ауданында тазалық шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді.

Аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі Шамау Ибрашев, Жақас Шеріпов және Ағайынды Талқанбаевтар көшелеріне көше атауы берілген азаматтардың ұрпақтары жергілікті әкімдіктің ұсынысына сәйкес, аталарының есімін иеленген көшелерге қоқыс жәшіктерін орнатып беріп, игі бастаманы қолға алды.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аталған көшелердің тұрғындарымен кездесіп, әкімдік тарапынан айтылған ұсынысқа қолдау көрсетіп, игі іске ұйытқы болған азаматтардың еңбегін көше тұрғындарына



жеткізді. Тұрғындарды Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысып, кенттің көркеюі мен санитарлық жағдайын жақсартуға,

тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесін реттеу және тазалық мәдениетін қалыптастыруға бірлесе атсалысуға шақырды. Өз кезегінде көше тұрғындары да осындай игі істі

ұйымдастырып жатқан азаматтарға шынайы ризашылықтарын жеткізді.

Кездесуде көше тұрғындары көшелерге асфальт және тас төсеу, балалар ойын алаңдарын салу, жарықшам орнату мәселелерін көтерді.

Аудан әкімі айтылған әрбір ұсыныстар кезең-кезеңімен қаралып, тиісті жоспарға енгізілетінін жеткізді. Ал, Шамау Ибрашев көшесін жарықтандыру мен көше тұйығына тас төсеу жұмыстары биылғы жылға тиісті қаржының мүмкіндігіне сәйкес қолға алынатындығын айтты.

Айта кетейік, әкімдік пен көше атауын алған азаматтардың ұрпақтары тарапынан алдағы уақытта бұл бастамалар басқа да көшелерде жалғасын таппақ.

## АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және салық базасын ұлғайту мәселелеріне арналған аппарат мәжілісі өтті.

2025 жылы өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 32 млрд. 825 млн. теңге (112,3 %) болса, өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің көлемі 28 млрд. 863 млн. теңгеге (112,8 %) орындалған. Өткен жылдың қортындысымен негізгі капиталға 29 млрд. 281 млн. теңге инвестиция тартылып, өсім 5,2 пайызды құрады. Аудан көлемінде 20 млрд. 726 млн. теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылып, 145 пайызды құраған. 67 мың 93 шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

Жиында аудан басшысы 2025 жылдың қортындысымен ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша өсім қамтамасыз етілгенін атап өтіп, алдағы кезеңде экономиканы өртартапандыру, инвестиция тарту және өңдеу өнеркәсібін дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту керектігін айтты.

Атап айтқанда, 2026–2028 жылдарға жоспарланған



инвестициялық жобаларды уақтылы іске асыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіпкерліктің белсенділігін арттыру, кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау тетіктеріне кеңінен тарту қажеттігі айтылды. Бұдан бөлек, ауылдық округтер бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің азаю себептері талқыланып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру, әлеуметтік дүкендер мен жәрмеңкелер ұйымдастыру, өндіріс көлемдері бойынша есептіліктің

уақтылы әрі дұрыс тапсырылуын қамтамасыз ету мәселелері де күн тәртібінен түскен жоқ.

Аудан әкімі «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржыландырылатын бастамаларға өндірістік бағыттағы жобаларды басымдықпен қолдау қажеттігін айтып, жобалардың тиімді әрі уақтылы іске асуы қатаң бақылауға алынатынын ескертті.

Құрылыс, тұрғын үй, газдандыру, жол инфрақұрылымы және әлеуметтік нысандарды салу бағытында да барлық нысандардың сапа-

лы әрі мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуді жауаптыларға қатаң тапсырды.

Мәжілістің күн тәртібінде салық базасын ұлғайту мәселесі кеңінен талқыланды.

Аудан басшысы 2026 жылға аудан бюджетінің кірістер жоспарын орындау, салық берешектерін өндіру, көлеңкелі экономиканың алдын алу, заңсыз кәсіпкерлікпен және тіркелмеген еңбек қатынастарымен күрес жүргізу бойынша тиісті сала басшылары мен осы бағытта құрылған арнайы жұмысшы топтарға нақты міндеттер қойды.

Сондай-ақ, аудан басшысы әлеуметтік саланы цифрландыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тартылмаған тұрғындар санын азайту, қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты бақылау және елді мекендердегі санитарлық тазалықты күшейту мәселелері бойынша барлық сала басшылары мен кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне тапсырмалар беріп, әрбір тапсырманың сапалы орындалуы қатаң бақылауда болатынын ескертті.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

● «Өркендеу» ауылдық округінің әкіміне кандидаттар

**ХАЛЫҚ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН ҚОЖАХМЕТ**

Ауыл адамы ерте тұрамыз, аздаған мал текемізді өріске айдап ауламыздың көше жақ бетін сыпыруға кірісеміз. Сыпырайын деп сыпырып жүрміз бе, ауыл әкімі Қожахметтің аңдығаны көше тазалығы. Соқталдай болып сөз естігенше, -деп күн шыққанша, сол бұрқыратып жатқанымыз. Осы кезде канал жағалап ауылдың әкімі Қожахмет келе жатады.

-Ғалия, бүгін аяқ суды Тобаев көшесі алады, Қорқыт көшесі, сендер ертең аласыңдар, сағаны ашпаңдар.

-Жарайды.

Бұрын сағадағы су ішеді, аяқтағы у ішеді деп, алдымен өзіміздің бау бақшамызды суарып, өзгеге су бермейтін едік, бұған да тәртіп орнап қалыпты.

Аз күнде үйіміздің жанында балалар ойнайтын алаң пайда болды. Алаңды

жағалай тал-терек егіп тастаған. «Өркендеу» аулы паркпен кенде емес, аумағы ат шаптырым екі парк бар. Бірақ бізге алыстау. Мынау жаңа алаңға немерелерді жіберіп қойып, миымызды тынықтырып отырғанымыз.

Жаңа алаң қайдан пайда болды дейсіздер ғой, былтыр облыстық байқаудың қортындысымен, біздің ауылға "Ең көрікті ауыл" номинациясы берілген ғой. Ақшасы қомақты, жаңа алаң сол ақшаға салынған болды. Бұл да Қожахметтің еңбегінің қайтқаны.

"Қарлаң" өткеліне көпір түсуіне байланысты, дарияның біздің ауыл жақ бетінен тағы бір парк ашылды. "Жиеней бағы" деп аталатын бұл бақтың салынуына да, ашылуына да елдің еңбегі ересен, жер-жердегі ағайындарды жинап, ат шаптырылып, ас берілді. Тойға

шақырылғандар ауылға ағылды. Қарақұрым адамды жайлау, үй-үйге бөлудің басы қасында ауыл әкімі жүрді. Елдің ауызбіршілігі мен ынтымақтастығының көрінісі болған асты жұрт әлі кезге дейін айта -айта жүр.

Мен білетін Қожахметтің кітаптарды көп оқитынын бұрыннан білетінмін. Бірлікте әкім болғанында мектептегі өнерпаз, ақын жігіт Жұмағалиев Омар екеумізді шақырып, жыр кешін ұйымдастырған. "Қожабақы" аулында әкім болып жүргенде Өтепов Байназар ақынның 100 жылдығына арнап, ақындар айтысын өткізгені есімде.

Кеше ғана Мұқағали ақынды еске алуға арналған кеш тосын формада өтіп, қатысқандар рухани шаттыққа бөлендік. Қожахмет Мұқағалиға арналған ақындардың жаңа өлеңдерін

оқыды. Жаттап қай уақытта үлгіреді екен деп таң қалдық.

Былыр Қазалыда Жанқожа бабаға арналған республикалық айтыс өтті. Сонда дейді қызым Нұрзат Қару:

-Ақындар отырған киіз үйге Қожекең ағам келіп, өздерін таныстырып, өлең оқып мерейімізді бір асқақтатып кетті. Қожекеңнің бөлек әлемі ақындарды риза етті дегені бар.

Кітап құмар әкім бірінші наурызда "Аманат" партиясының атынан сайлауға түсетінін біліп, өтсе екен, ортағасырлық тарихи қала «Жанкентке» Қожахметтей көзі ашық, көкірегі ояу адамдар әкім болғаны жарасымды емес пе, деген ойға келгендейміз. Әкім адамның жан-жақты білімді, парасатты болғаны қандай жарасымды.

**Ғалия ОРЫНБАСАР**

**КӨПШІЛІККЕ ҮЛГІЛІ АЗАМАТ**

Қожабақы аулы ауызбіршілігі мол, қазаны оттан, азаматы аттан түспеген жаңа заман үлгісіне сай дамып келе жатқан, құтты мекен. Бұл ауылда туып өскен әрбір азамат жақсыға лайық деп білемін. Сол ауыл тұрғындарының бірі, өз жұмысына, әрбір іске тиянақтылықпен қарайтын, елге абыройлы азамат - Баймұрат Ақтілеу Байқадамұлы. Ол 1994 жылы 12 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 2001 жылы №25 орта мектептің табалдырығын аттап, 2010 жылы мектептің 9 сыныбын бітіріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің жанындағы көп салалы колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы

бітірген. 2013-2014 жылдары А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет Үйінің заңгері және сол мекемеде сантехник болыпта жұмыс атқарған. 2015 жылы «Болашақ» университетіне оқуға қабылданып, 2018 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша сырттай білім алған. 2016 жылдың 6-31 мамыры аралығында «Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің уақытша заңгері, 2016 жылдың 8 маусымынан округ әкімі аппаратының уақытша жетекші маманы міндетін атқарушы болып қызмет атқарған. 2016 жылдың желтоқсан айынан 2023 жылдың 10 қаңтарына дейін «Аранды ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жетекші

маман, 2023 жылдың 11 қаңтарынан «Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарып келеді.

Осылайша Ақтілеу Байқадамұлы төменгі буындағы мемлекеттік қызметтің барлық сатыларынан өтіп, тәжірибе жинақтады. Ол сондай-ақ, ізденімпаздығымен, білімге құштарлығымен, қарапайымдылығымен, көркем мінезімен әріптестері арасында зор құрметке бөленді. Ауылдастары оны ел ісіне араласқан абыройлы азамат ретінде құрметтейді. Оның болашағынан үміт күтеді. Алдына барған адамды құрметпен қарсы алып, қолынан келсе жұмысын тындырып, болмаса дұрыс жолын айтып, шығарып салатын мінезіне ризашылық

білдіреді.

Иә, Ақтілеу жас болса да, аз уақыттың ішінде өз орнын тапқан, іскер маман. Қызмет атқарған уақытында алған марапаттары жетерлік. Аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Қазіргі таңда екі бала тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі жанұяның отағасы. Егер ол ауыл округінің әкімі болып сайланса, өз міндетін абыроймен атқаратынына сенемін. Оған оның тәжірибесі де, білім білігінде толық жетеді. Өзімізбен бірге қызмет атқарған жанның қарым-қабілетін бағамдаймыз ғой.

**Ақмарал ПАУЕНҚЫЗЫ,**  
**«Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының іс-жүргізу жөніндегі инспекторы**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық, Конституция мен

мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің

қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек САУЫТБЕКҰЛЫ,**  
**Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі**

●«Өркендеу» ауылдық округінің әкіміне кандидаттар

**ТАЛАБЫҢ ОҢ БОЛСЫН!**

Ақниетпен қатар болған соң балалық шақтың қызықты күндерін бірге өткіздік. Бірге ойнадық, қыдырдық. Бала күнгі достық мектеп қабырғасында да жалғасты. Мектепте оқып жүргенде оның бізден ерекшелігі байқалды. Өнерге жақынды. Апайымыз сынып жиналысында Ақниетке ән айтқызып, оның өнерін сыныптастарымыз сүйсініп тыңдайтынды. Апайымызда біздерде оны келешекте өнер иесі болатынына сенетінбіз. Оның тағы бір себебі, Ақниеттің ата-анасы өнерлі жандар еді. Ауылда өткен кештеде

Әбуовтердің ансамблі өнер көрсетіп, көрермендерді риза ететін. Ансамблдің бір мүшесі, біздің кластасымыз, әрі досымыз Ақниет болатын. Мектеп бітірген соң Ақниет өнер жолын таңдады. Ол үшін музыкалық білім алу керектігін түсінді де облыс орталығы – Қызылорда қаласына жол тартты да М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжіне құжаттарын тапсырып, сынаққа әзірленді. Өнерге қабілетті досымыз сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. Ауылға қуанышпен оралды. Біз оны студент болғанымен

құттықтап, тіледік. Студенттік жылдары ол өнер байқауына қатысып, өзінің қабілет қарымын танытты. Жүлдегер болғанда қуанышын бірге бөлістік. Колледжді бітірген соң туған ауылға оралды. Ауылдық клубқа сүйемелдеуші болып орналасты. Аз-кем тәжірибе жинақтаған соң білімін жетілдіруді мақсат тұтты. Сөйтіп, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде музыкалық білім алды. Өнерлі досымыздың өнері де, қызметі де алға өрледі. Алғашқыда клуб әдіскері болып

сәттілік жұмыс істеді. Кейін «Ақтан батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорының меңгерушісінің міндетін атқарды. Басшылар 2021жылы оны меңгеруші етіп бекітті. Ақниет бірнеше рет өнер байқауларына қатысып, жүлдегер атанды. Ол аудандық іс-шараларда Қазалы аудандық мәдениет Орталығының «Жанкент» өнер тобының құрамында өнер көрсетіп, көрермендер көзайымына айналды. Өнерлі жігіттің еңбегі жоғары орындар тарапынан лайықты бағалануда.

Ол облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюссерлік орталығының басшысының, аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Парталас дос, өнерлі азамат Ақниет Жұбаназарұлы Әбуов талап қылып өкілеттік мерзімі аяқталған «Өркендеу» ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидат болып тіркеліп, бағын сынамақшы. Біздер өнерлі Өреннің сайлауға қатысуын қуана қуаттаймыз. Талабына сәттілік тілейміз. Өйткені келешек жастардікі.

**Азат ЖӘДИЕВ,**  
**Ақтан батыр ауылының тұрғыны**

**СУПЕРМАРКЕТТЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІҢІЗ КЕРЕК?**

Жыл сайын супермаркеттер мен сауда орталықтарына сұраныс артып келеді. Алайда жайлылықпен қатар даулы жағдайлар туындайтыны жасырын емес. Мысалы, қауіпсіздік қызметкерлері сөмкеніңізді арнайы ұяшыққа қалдыруды талап етеді немесе сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Мұндай әрекеттердің қаншалықты заңды екенін түсіндіреміз.

Біріншіден, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (24-бап) азаматтың тауарлар мен қызметтерге еркін және қауіпсіз қол жеткізу құқығын бекітеді. Бұл сатып алушы сауда залына жеке заттарымен, яғни сөмкемен, рюкзакпен еркін кіре алатынын білдіреді. Заңның ешқандай нормасы оларды сақтау камерасына тапсыруға міндеттемейді. Егер күзетші сізге мұны ұсынса, өз еркіңізбен келіскен жағдайда ғана заң шеңберінде әрекет етеді. Мұндай жағдай ҚР Азаматтық кодексінің 39-тарауында, "Сақтау шартымен" реттеледі. Ал 380-бапқа сәйкес кез келген шарт өзара келісім бойынша жасалады.

Көбіне шығарда күзетші сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Алайда бұл талап емес, сыпайы өтініш қана және сіз бас тартуға толық құқығыңыз бар. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ҚР ӘҚБтК) сәйкес, 16-бапта жеке тексеру және заттарды тексеру тек әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайларда ғана, тек уәкілетті органдар, яғни полиция қызметкерлері тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар

бейнежазбаға түсіріліп, міндетті түрде хаттама толтырылуы керек (ҚР ӘҚБтК 791-бабын қараңыз). Күзетші сізді ұстап алуға да, тексеруге де құқылы емес. Күзетші полицияға қоңырау шалып, оның келуін күтуі керек.

Күзетшілердің өкілеттіктері "Күзет қызметі туралы" ҚР Заңымен қатаң реттелген. 1, 3 және 4-баптарға сәйкес, күзетшілер қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және мүлікті қорғайды, бірақ бұл ретте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға құқығы жоқ. Бұл олардың жеке тексеру жүргізуге, тінтуге, заңды негізсіз күш қолдануға немесе қозғалыс еркіндігін шектеуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Күзет қызметкерінің өкілеттігін асыра пайдалану ҚР Қылмыстық кодексінің 252-бабы ("Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің өкілеттігін асыра пайдалану") бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкелуі мүмкін.

Егер сіздің құқықтарыңыз бұзылған болса, сабырлы әрі сауатты әрекет етіңіз. Заңсыз талаптардан сыпайы түрде бас тартыңыз, полиция шақыруды ұсыныңыз. Не болып жатқанын бейнежазбаға түсіріп алыңыз немесе куәгерлерді тарту арқылы тіркеңіз, содан кейін супермаркет әкімшілігіне шағым түсіріңіз немесе жергілікті полиция бөліміне жүгініңіз.

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті**

**ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О СВОИХ ПРАВАХ В СУПЕРМАРКЕТЕ?**

С каждым годом супермаркеты и торговые центры становятся привычным пространством для покупок, но вместе с удобством возникают и спорные ситуации: охрана требует оставить сумку в ячейке хранения или просит показать её содержимое на выходе. Разберёмся, насколько такие действия правомерны и что говорит закон.

Во-первых, Закон Республики Казахстан «О защите прав потребителей» (статья 24) закрепляет право гражданина на свободный и безопасный доступ к товарам и услугам. Это означает, что покупатель может свободно заходить в торговый зал с личными вещами: сумкой, рюкзаком или пакетом. Никакая норма закона не обязывает сдавать их в камеру хранения. Если охранник предлагает вам это сделать, он действует в рамках закона только в том случае, если вы добровольно согласны. Такая ситуация регулируется Гражданским кодексом РК, глава 39, «Договор хранения». Согласно статье 380, любой договор заключается по обоюдному согласию. То есть, принудительно заставить вас сдавать вещи нельзя.

Часто на выходе охрана просит показать содержимое сумки. Однако это не требование, а вежливая просьба, и вы имеете полное право отказать. Согласно Кодексу об административных правонарушениях РК (КоАП РК), статья 16 гласит, что личный досмотр и досмотр вещей возможны только в случаях совершения административного правонарушения, и только уполномоченными органами, то есть сотрудниками полиции,

а не охраной магазина. Причём, такие действия должны проводиться в присутствии под видеозапись, и обязательно с составлением протокола (см. ст. 791 КоАП РК). Охранник не имеет права ни задерживать вас, ни устраивать досмотр, даже если вы просто взяли товар с полки. Охранник должен вызвать полицию и дожидаться её приезда.

Полномочия охранников строго регламентированы Законом РК «Об охранной деятельности». Согласно статьям 1, 3 и 4, охранники обеспечивают безопасность и охраняют имущество, но при этом не вправе нарушать права и свободы граждан. Это значит, что они не имеют права проводить личный досмотр, обыск, применять силу без законных оснований или ограничивать свободу передвижения. Превышение полномочий охраной может повлечь уголовную ответственность по статье 252 Уголовного кодекса РК («Превышение полномочий работников частной охранной организации»).

Если ваши права всё же нарушены действуйте спокойно и грамотно. Вежливо откажитесь от незаконных требований, предложите вызвать полицию. Зафиксируйте происходящее (на видео или с помощью свидетелей), а затем подайте жалобу в администрацию супермаркета или обратитесь в местный отдел полиции.

**Департамент защиты прав потребителей и торговли Республики Казахстан, Министерство торговли и интеграции по Кызылординской области**

**2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА СӘЙКЕС ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері
1	Әйтеке би кенті	Әйтеке би көшесі № 50 мекен-жайында орналасқан «Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» КММ-нің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ғимаратына қарама-қарсы
2	Әйтеке би кенті	Әйтеке би көшесіндегі темір жол вокзалына қарама-қарсы
3	Әйтеке би кенті	Жанқожа Нұрмұхаммедұлы көшесі № 126 А мекен-жайында орналасқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қазалы аудандық бөлімі ғимаратына қарама-қарсы
4	Әйтеке би кенті	Қашақбай Пірімов көшесіндегі «Жеңіс» саябағына қарама-қарсы
5	Әйтеке би кенті	Қашақбай Пірімов көшесінің бойындағы «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында
6	Әйтеке би кенті	Қашақбай Пірімов көшесінің бойындағы орталық алаңға қарама-қарсы
7	Қазалы қаласы	Үрмәш Түктібаев көшесі № 43 А мекен-жайында орналасқан Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
8	Қазалы қаласы	Жалаңтөс батыр көшесіндегі Ардагерлер алаңына қарама-қарсы
9	Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылы	Аманкелді көшесі № 21 мекен-жайында орналасқан Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсуат ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
10	Майлыбас ауылдық округінің Байқожа станциясы	Жалғасбек Байділдаев көшесі №64 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданының білім бөлімінің №258 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы
11	Майлыбас ауылдық округінің Майлыбас станциясы	Майлыбас көшесі № 8 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №100 орта мектебіне қарасты «Майлыбас» бастауыш сыныбы» ғимаратына қарама-қарсы
12	Өркендеу ауылдық округінің Жанкент ауылы	Қорқыт Ата көшесі № 23 мекен-жайында орналасқан Өркендеу ауылдық округі әкімі аппаратының «Өркендеу ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
13	Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылы	Зейнулла Шыраев көшесі №4 мекен-жайында орналасқан Сарыкөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
14	Арықбалық ауылдық округінің Жанқожа батыр ауылы	Әйтеке би көшесі № 33 мекен-жайында орналасқан Арықбалық ауылдық округі әкімі аппаратының «Жанқожа батыр ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
15	Аранды ауылдық округінің Қожабақы ауылы	Темірбай Емешұлы көшесі № 28 мекен-жайында орналасқан Аранды ауылдық округі әкімі аппаратының «Қожабақы ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
16	Аранды ауылдық округінің Аранды ауылы	Өтжан Нұрымбетұлы көшесі бойындағы медициналық пунктке қарама-қарсы
17	Майдакөл ауылдық округінің Бекарыстан би ауылы	Е.Тілеубаев көшесі № 19 мекен-жайында орналасқан Майдакөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
18	Бозкөл ауылдық округінің Бозкөл ауылы	Қожали Өтепбергенов көшесі бойындағы аялдамаға қарама-қарсы
19	Қарашеңгел ауылдық округінің Жалаңтөс батыр ауылы	Әбнағи Ыбыраев көшесі № 18 мекен-жайында орналасқан «Жалаңтөс батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
20	Алға ауылдық округінің Түктібаев ауылы	Байжігіт Әбдіразақов көшесі № 49 мекен-жайында орналасқан Алға ауылдық округі әкімі аппаратының «Үрмәш Түктібаев ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
21	Көларық ауылдық округінің Ақтан батыр ауылы	Ақтан Батыр көшесі № 3 мекен-жайында орналасқан Көларық ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақтан батыр ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
22	Басықара ауылдық округінің Басықара ауылы	Кәдірбай Есенов көшесі бойындағы «Мадияр» сауда дүкеніне қарама-қарсы
23	Құмжиек ауылдық округінің Қ.Пірімов ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 37 А мекен-жайында орналасқан Құмжиек ауылдық округі әкімі аппаратының «Қ.Пірімов ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
24	Қызылқұм ауылдық округінің Кәукей ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 14 мекен-жайында орналасқан Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппаратының «Кәукей ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
25	Қызылқұм ауылдық округінің Ажар ауылы	Ажар көшесі № 14 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №146 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы
26	Ғани Мұратбаев ауылдық округінің Мұратбаев ауылы	Ғани Мұратбаев көшесі № 7 мекен-жайында орналасқан Ғани Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппаратының «Ғ.Мұратбаев ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
27	Ақжона ауылдық округінің Майдакөл ауылы	Орталық көшесі № 29 мекен-жайында орналасқан Ақжона ауылдық округі әкімі аппаратының «Майдакөл ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
28	Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылы	Тәуелсіздік көшесі № 45 мекен-жайында орналасқан Бірлік ауылдық округі әкімі аппаратының «Бірлік ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
29	Шәкен ауылдық округінің Шәкен ауылы	Шәкен көшесі нөмірсіз мекен-жайында орналасқан Шәкен ауылдық округі әкімі аппаратының «Шәкен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
30	Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылы	Сарбұлақ көшесі № 61 мекен-жайында орналасқан Сарбұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының «Сарбұлақ ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
31	Тасарық ауылдық округінің Тасарық ауылы	Тасарық көшесі № 32 мекен-жайында орналасқан Тасарық ауылдық округі әкімі аппаратының «Тасарық ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы
32	Тасарық ауылдық округінің Лақалы ауылы	Лақалы көшесі № 51 мекен-жайында орналасқан Тасарық ауылдық округі әкімі аппаратының «Лақалы ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы

**Қазалы ауданының әкімдігі**

<p>Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.</p> <p><b>ДИРЕКТОР</b> Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ</p> <p><b>БАС РЕДАКТОР</b> Раушанбек СЕЙТЕНОВ</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген</p>	<p>Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.</p> <p>Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.</p> <p><b>Редакция мен баспахананың мекен-жайы:</b> 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.</p> <p><b>Телефондар:</b> директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.</p> <p>Тарату аумағы: Қызылорда облысы.</p> <p>Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.</p> <p>Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p> <p><b>E-MAIL:</b> <a href="mailto:tooturankazaly@mail.ru">tooturankazaly@mail.ru</a> <b>Таралымы 11507 дана.</b></p>
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------